

"АСТАНА" ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАРЖЫ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ
БІРІНШІ ИНСТАНЦИЯДАҒЫ СОТЫНДА

26 сәуір 2024 жыл

№: AIFC-C/CFI/2024/0010 ic

«COMMERCIAL PROPERTIES LTD»

ЖЕКЕ КОМПАНИЯСЫ

Талапкер

қарсы

(1) «DOSTYK PLAZA» ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ

(2) «SHYMKENT PLAZA» ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ

Жауапкерлер

ШЕШІМ ЖӘНЕ БҰЙРЫҚ

Сот Судьясы:

Судья Эндрю Спинк КС

БҰЙРЫҚ

1. АХҚО-ның 2017 жылғы № 2 "Компаниялар туралы" регламентінің 124-бабына сәйкес Сот Жауапкерлерді Талапкерге қосу көзделетін қайта ұйымдастыру жолымен құрылымды ұсынылып отырған өзгертуді санкциялады.
2. АХҚО-ның 2017 жылғы № 2 "Компаниялар туралы" регламентінің 126-бабына сәйкес Сот 2024 жылғы 16 қаңтардағы Қосылу туралы шарттың негізінде Жауапкерлерді Талапкерге қосу туралы бұйрық шығарады.

ШЕШІМ

1. № AIFC-C/CFI/2024/ 0010 іс шеңберінде 2024 жылғы 27 наурыздағы Талап арыз нысаны/арыз ("Талап арыз нысаны") бойынша берілген арызбен, Талапкер, «Commercial Properties Ltd» жеке компаниясы («Компания») (кәсіпорынның бизнес-сәйкестендіру нөмірі ("БСН") 240140900138) Жауапкерлер, «Dostyk Plaza» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне (БСН 041240005876) («Жауапкер-1») «Shymkent Plaza» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне (БСН 130940021526) («Жауапкер-2») қатысты (бірақ қарсылықсыз) келесіні шығаруды сұрайды:
 - а) АХҚО-ның 2017 жылғы № 2 "Компаниялар туралы" регламентінің 124-бабына сәйкес («АХҚО "Компаниялар туралы" регламенті»), Жауапкерлерді Компанияға қосуды қамтитын қайта құру жолымен Компания және Жауапкерлердің әрқайсысы арасындағы құрылымды ұсынылып отырған өзгертуді санкциялау туралы бұйрық; және
 - б) АХҚО 2017 жылғы № 2 «Компаниялар туралы» Сот 2024 жылғы 16 қаңтардағы Қосылу туралы шарттың негізінде Жауапкерлерді Компанияға қосу туралы бұйрық.
2. Төменде келтірілген "№ х қосымшаға" сілтемелер Талап арыз нысанында көрсетілген және "№ х" қосымшасындағы онымен бірге берілген құжатқа жатады.
3. Компания "Астана" халықаралық қаржы орталығында тіркелген Жеке компания болып табылады [№5 қосымша (Компанияны тіркеу туралы сертификат) және №6 қосымша (Компанияға жататын заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы анықтама қағаз) және Талап арыз нысаны 2-бөлім 1.1-тармақ] және АХҚО "Компаниялар туралы"

регламентінің мағынасында "Компания" болып табылады (осы Регламентке №1 қосымшаның 4-тармағындағы терминдерді қараңыз).

4. Компанияның жалғыз акционері Төлбасы Серік Қарабекұлы болып табылады [№ 6 қосымша; №9 қосымша (Компанияның жалғыз акционерінің №1 арнайы қарары) және №27 қосымша (Компания Жарғысы)].
5. Жауапкерлер АХҚО шегінен тыс тіркелген және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әрекет ететін заңды тұлғалар болып табылады, ал Компанияның жалғыз акционері сонымен қатар Жауапкерлердің әрқайсысының жалғыз мүшесі/қатысушысы болып табылады [Талап арыз нысанының 1.2, 1.4 және 1.6-тармақтары; Қосымшалар: №7 (1-Жауапкерге жататын заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы куәлік); №8 (2-Жауапкерге жататын заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы куәлік); №12 (1-Жауапкердің жалғыз мүшесінің/қатысушысының № 1 қарары); №28 (1-Жауапкердің Жарғысы); №15 (2-Жауапкердің жалғыз мүшесінің/қатысушысының № 1 қарары); №28 (2-Жауапкердің Жарғысы) және №30 (2-Жауапкердің Жарғысына өзгерістер)].
6. Мәліметтердің дұрыстығы туралы мәлімдемемен расталған, Компания атынан осы мәлімдемеге қол қоюға тиісті өкілеттік берілді деп және Компанияның тиісті сенімхаты бар [№3 қосымша (2024 жылғы 16 наурыздағы сенімхат)] деп айтқан Арман Әмірбеков қол қойған Талап арыз нысанында, сонымен қатар Талап арыз нысанымен бірге берілген құжаттарда Жауапкерлерді Компанияға қосуға Компанияның жалғыз акционері Компания атынан келісім бергені, ал Жауапкерлердің әрқайсысының жалғыз мүшесі/қатысушысы Жауапкерлердің әрқайсысының атынан келісім бергені расталады [Талап арыз нысаны 2-бөлім 2.1, 2.2, 2.3 және 2.4-тармақтар; № 9, №12 және №15 қосымшалар (Талапкердің, 1-Жауапкердің және 2-Жауапкердің арнайы қарарлары); және №18 қосымша (2024 жылғы 16 қаңтардағы Қосылу туралы шарт)].
7. Келесі талаптар Талап арыз нысанында тікелей көрсетілмегенімен, мыналарды атап өткен жөн:
 - (a) АХҚО "Компаниялар туралы" регламентінің 124(2) бабы Сотқа Компания акционерлерінің жиналысын өткізу туралы бұйрық шығару құқығын бергенімен, бұл жағдайда мұндай бұйрық талап етілмейді, өйткені, жоғарыда көрсетілгендей, жалғыз акционер ұсынылған процедураны мақұлдады;

- (b) бұдан әрі қарай, 124(3) баптың Компания акционерлерінің акционерлер жиналысына қатысатын және дауыс беретін төрттен үш дауысын білдіретін көпшілік талабы, жоғарыда көрсетілгендей, орындалды;
- (c) бұдан әрі қарай, 2024 жылғы 16 қаңтардағы "Қосылу туралы шартқа" сәйкес [№18 қосымша],

- 1. Компанияның және Жауапкерлердің алдағы қайта құрылуы туралы Компанияның кредиторларына хабарлауға Компания міндеттенді; және
- 2. Жауапкерлердің екеуі де өздерінің кредиторларына Компанияның және Жауапкерлердің алдағы қайта құрылуы туралы хабарлауға міндеттенді.

8. Арызды қолдау үшін берілген құжаттарға мыналар кіреді:

- (a) Жоғарыда аталып кеткен әртүрлі құжаттар;
- (b) Компанияның мемлекеттік салық органдары тіркеген қарыздары жоқ екенін растау [№11 қосымша];
- (c) Жауапкерлердің әрқайсысының мемлекеттік салық органдары тіркеген қарыздары жоқ екенін растау [№14 және №17 қосымшалар];
- (d) Компанияның 580 кредиторы мен Жауапкерлерінен табылған бір кредиторға жіберілген Жауапкерлерге қосылу арқылы компанияны қайта құру туралы хабарлама үлгілерінің көшірмелері [№19, №21 және №23 қосымшалар]; әр жағдайда тиісті кредиторларға осындай хабарламалардың жеткізілгенін растайтын курьерлік қызметтен түскен хаттардың үлгілерімен бірге [№19, №21 және №23 қосымшалар];
- (e) 2024 жылғы 29 ақпандағы жағдай бойынша Компанияның қаржылық есептілігі [№10 қосымша];
- (f) Жауапкерлердің әрқайсысының 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржылық есептері [№13 және №16 қосымшалар].

9. Қосылу туралы шарт қайта ұйымдастыруды жүргізу туралы Компанияның әрбір Жауапкерінің мүлкін және барлық құқықтары мен міндеттерін табыстай отырып, Компанияның Жауапкерлерге қосылуы нысанында Компания мен Жауапкерлер арасындағы келісімді сипаттайды. Қосылу туралы шарт жоғарыда аталған "Негіздің" А, В және С тармақтарына Компания мен Жауапкерлердің тиісті "№1 қарарларына" тікелей сілтеме жасайды. Осы "№1 қарарлардың" әрқайсысында келісілген қосылудың негізі Қосылу туралы шартта баяндалғаны анық көрсетілген.

10. Бұл жағдайда АХҚО "Компаниялар туралы" регламентінің 124-бабын қолдануға болатынына менің көзім жетеді, өйткені жоғарыда баяндалған мәселелер құрылымды Компания мен оның 100% Акционерлері ұсынған өзгертуді білдіреді (124(1)(b) бап).
11. Сотқа осы ұсыныс бойынша дауыс беру үшін акционерлер жиналысын өткізу жөнінде бұйрық шығару туралы арыз берілген жоқ (124(2) бап) және мен мұндай бұйрық жоғарыда 7(а) тармақта көрсетілген себеп бойынша қажет емес деп ойлаймын.
12. Сотқа бұл ұсынысқа ешқандай қарсылық туралы хабарланған жоқ. Оның үстіне, ұсыныс үшінші тұлғалардың жағдайын Компанияның Жауапкерлерінің барлық міндеттемелерін Компанияға табыстау жолымен мына мән-жайларда адекватты қорғайды:
 - (а) оларға қатысты ақпарат берілген барлық кредиторлар/контрагенттер ұсынылған қайта құру туралы және Жауапкерлердің, жалпы алғанда, құны бойынша оның міндеттемелерінің құнымен ұқсас, Қосылу туралы Шартқа сәйкес Жауапкерлердің барлық міндеттемелерін өзіне қабылдайтын Компанияға берілуі тиіс барлық активтері мен капиталы туралы [№13 және №16 қосымшалар] Сотқа хабардар етілсе [Талап арыз нысанының 2.4 тармағы];
 - (b) Компанияның қосылуға дейінгі меншікті міндеттемелері өзінің қосылу алдындағы меншікті активтерінен аспайды [№10 қосымша]; және
 - (c) Компания да, Жауапкерлер де ұсынылып отырған қайта ұйымдастыруға, соның ішінде, Жауапкерлердің барлық міндеттемелерін Компанияға беруге келіседі, бұл ретте Компания мен Жауапкерлер өздерінің барлық тиісті активтері мен міндеттемелерін бір-біріне алдын ала толық ашты.
13. Қалыптасқан мән-жайларда мен АХҚО "Компаниялар туралы" регламентінің 124(3) бабына сәйкес корпоративтік құрылымды ұсынылған өзгертуді Соттың бұйрықпен санкциялауы мақсатқа сай деп санаймын.
14. АХҚО "Компаниялар туралы" регламентінің 126-бабында егер 124-бапқа сәйкес Сотқа Компания мен оның акционерлері арасындағы корпоративтік құрылымды өзгертуді санкциялау туралы арыз берілсе, *«Сот құрылымды өзгертуге, соның ішінде Компанияны қайта құру немесе Компанияны кез-келген басқа Компаниямен біріктіруге жәрдемдесу үшін ... қажет деп санайтын кез-келген қаулыны қабылдай алады»* деп көзделген. Одан әрі қарай *«бұл бапта Компания деп АХҚО-дан тыс жерде тіркелген заңды тұлға түсініле алады»* делінген.

15. Осыған байланысты, осы жағдайдағыдай, қосылуға қатысатын ұйымдардың бірі, атап айтқанда екі Жауапкер де АХҚО-да тіркелген "Жеке компания немесе Жария компания" деген бастапқы мағынасындағы "Компания" да (АХҚО "Компаниялар туралы" регламентіне №1 қосымшаның 4-тармағына сәйкес), корпоративтік ұйым емес, жауапкершілігі шектеулі серіктестік болғандықтан, "АХҚО шегінен тыс тіркелген корпоративтік ұйым" да болып табылмағанда, Соттың 126-бапқа сәйкес Бұйрық шығаруға құқығы бар ма деген сұрақ туындайды. Бұған келетін болсақ, мен Бұйрыққа 126-бапты енгізу жөніндегі АХҚО сотының №1FC/CFI/2021/0002 [11] ісінде судья Сэр Стивен Ричардс қабылдаған тәсілмен құрметпен келісемін және оны қабылдаймын, онда өз шешімінде ол былай деген:

*«ұсынылған құрылымды өзгертудің негізінде ЖШС-ны Компанияға қосу жатыр және, меніңше, құрылымның осы өзгертілуіне ықпал ету үшін қосылу өтуі мақсатқа сай. АХҚО шегінен тыс тіркелген жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің қатысуымен қосылу баптың тікелей тұжырымының аясына түспейді, **алайда бұл тұжырым жүзеге асырылуы мүмкін қосылу формаларына қатысты түпкілікті болып табылмайды** («Компанияның кез-келген басқа Компанияға қосылуын қоса ...»). Мен бұйрық Компанияның жауапкершілігі шектеулі серіктестікке қосылуына тиісті жағдайда неліктен қолданылмауы тиіс, сондай-ақ АХҚО шегінен тыс тіркелген жауапкершілігі шектеулі серіктестік бұл тұрғыдан АХҚО-дан тыс жерде тіркелген заңды тұлғаға қарағанда неліктен нашар жағдайда болуы тиіс екенінің принципалды себептерін көріп отырғаным жоқ».* (бөліп көрсету қосылған)

16. Демек, мен АХҚО "Компаниялар туралы" регламентінің 126-бабына сәйкес Сот Жауапкерлерді Компанияға олардың арасындағы 2024 жылғы 16 қаңтардағы Қосылу туралы шарттың негізінде қосу туралы бұйрық шығаруы тиіс деген қорытындыға келемін [№18 қосымша].

Сот қабылдады,

Судья Эндрю Спинк КС